

МКҚК “Кентау көпсалалы колледжі”

" Білікті қызметкерлердің болуы "

Адамның адамшылдығы жақсы ұстаздан болады

Абай Құнанбаев

Ұстаз – ұлағатты сөз, ұстаз – ұлағатты адам демекші. Әрбір ұстаздың орны ерекше, өйткені барлық мамандықтың бастауы – бұл педагог мұғалім болып табылады.

Қазақстан Республикасының жоғары педагогикалық білім беру тұжырымдамасында «Жаңа формация мұғалімі – кәсіби дағды мен педагогикалық дарыны қалыптасқан, жаңалыққа құмар, рухани дүниесі бай, шығармашылық пен жұмыс істейтін жеке тұлға» деп көрсетілген, атап айтқанда, ол – ізгілігі мол, әр іске жаңашылдықпен, үлкен ізденіспен зерттеуші ретінде қарайтын, ақпараттық технологияларды жетік меңгерген коммуникативті, толыққанды құзырлы адам - делінген.

Жаңартылған оқыту бағдарламасы бұл білім алудың жаңаша ойлауға, тиімді оқытуға және басқаруға бағытталатын қадамдарының бірі болып табылады. Көптеген ақпараттық мәліметтерде қамтылған оқытудың стратегиялары мен тәсілдерін иегерумен 7 бағдарламалық модульдерді тиімді пайдаланумен іске асыруға болады. Олар:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер: «Диалог негізінде оқыту» және «Қалай оқу керектігін үйрену».
 2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету.
 3. Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау.
 4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану.
 5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.
 6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.
 7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.
- 

Осыларға қысқаша ақпарат беретін болсақ:

1. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдерде: «Диалог негізінде оқыту» - бұл білім алушылардың өзара сұхбаттасуы және мұғалім мен білім алушының арасындағы диалогтің шәкірттердің өзіндік ой-пікірін жүйелеуі мен дамытуына көмектесетін амал екенін көрсетеді. Ал, «Қалай оқу керектігін үйрену» немесе метасана – бұл білім алушыларға оқуды өз бетінше жалғастыра алатын білім жинау жауапкершілігін түсінуге және оны өз мойнына алуға қалай көмектесуге болатынын көрсетеді.

2. Сын тұрғысынан ойлауға үйрету екі мағынада қарастырылады: білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамыту және білім берушілердің сын тұрғысынан ойлауын дамыту, яғни екі жақты да дамытуды көздейді. Білім алушыларға қатысты сын тұрғысынан ойлау ақпарат пен идеяларды синтездеу қабілеті, ақпарат пен идеяның шынайылығы мен салыстырмалы түрде маңыздылығы туралы ойлана білу қабілеті, өзінің оқуына қатысты таңдау жасау және басқалардың идеяларына күмәнмен қарау қабілеті ретінде түсіндіріледі. Білім берушілердің сын тұрғысынан ойлауы өзінің жұмыс тәжірибесін, жаңа тәсілдерді қолдану және бағалау әрекеттерін сын тұрғысынан бағалауды қамтиды.




3. Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау. Оқытуда бағалаудың екі түрі бар екенін білеміз. Қалыптастырушы (формативті), яғни оқыту үшін бағалау және жиынтық (сумативті), яғни оқуды бағалау. Оқытуды жақсартуға бағытталған бағалау – формативті де, ал оқытудың қорытындысын шығару – жиынтық бағалау болып табылады. Бағалаудың мақсаты студенттің қандай сатыда тұрғандығын, оларға не істеу керек, қойылған мақсаттарына қалай жету керек екендігін көрсетеді [4].

4. Оқыту мен оқуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану. Мұнда білім берушінің сандық технологияларды және АКТ-ны сабақ беруде тиімді пайдалануды білдіреді. Дағдылану негізінде ақпаратты алу, бағалау, сақтау, өндіру, ұсыну, алмасу үшін қолдану және ол ақпаратты Интернет желісінде бірлескен жұмысқа қатысу үшін жібере білуді білдіреді.


5. Талантты және дарынды балаларды оқыту.

Шығармашылықпен жұмыс істейтін білім беруші – теориялық жағынан білімді, педагогикалық озық үлгілерін жаңашылдықпен дамытып жүрген, үнемі кәсіби шеберлікке ұмтылатын, тәлім-тәрбие ісінен жалықпайтын, білім алушыны өзіне тарта алатын, тәлімгер, шығармашылық ізденістегі адам. Білім алушылармен ізденіс жұмыстарын жүргізе отырып, табиғи дарындылығына ықпал етумен байланыстырылады.



6. Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқыту және оқу.

Бұл модуль осының алдындағы талантты және дарынды балаларды оқыту тақырыбымен тығыз байланысты, себебі екі модуль де оқушылардың қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған сараланған оқытуға қатысты болып отыр. Алайда бұл модуль балалар дамуының оқудың қолжетімділігі дәрежесін анықтайтын кезеңдеріне қатысты және де «Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер» модулімен өзара байланысты. Мәселен, түрлі жастағы балаларда байқалатын метасана деңгейі (білім алушының өз деңгейі арқылы нәтижеге жетіп, білім жинау жауапкершілігін түсінуге көмектесетін тәсіл), балалардың жас шамасына бейімделген сындарлы диалогті ынталандыру стратегиясы, әр жастағы балалар мүмкіндігіне сай беріледі. Сондай-ақ, аталған модульдің өзге модульдермен, мысалы, «Оқу үшін бағалау және оқуды бағалау» модулімен байланысы бар, атап айтқанда әртүрлі жаста өзін-өзі бағалау үшін жауапкершілікті зерделеу тұрғысынан қаралады. Сонымен қатар Қазақстанның жекелеген ауылдық өңірлерінде кездесетін жас шамасы әртүрлі сыныптарда тиімді оқыту және оқу стратегияларын іске асыру жолдары да қарастырылады [5].



7. Оқытуды басқару және көшбасшылық.

Осы модульде айтылған көшбасшылық тәсілі «Мұғалім жүргізетін дамыту жұмысы» қағидатына (Кембридж университетінің жобасы) негізделген. Осы тұрғыдан қарастырар болсақ, мұғалімдер Бағдарламада қарастырылатын идеялар аспектілері аясында өз тәжірибелері туралы ой-тұжырымдарға сүйене отырып өзгереді. Олар сын тұрғысынан бағалау, өзгерту және тәжірибе мен білім саясатын қайта бағалау нәтижесінде мұғалімдер бастамасымен барлық деңгейлерде өзгерістердің іске асырылатын идеяларға сәйкес өз тәжірибелерінің жекелеген тұстарын анықтайды, зерттейді, бағалайды және дамытады. Бұл модуль мұғалімнің сын тұрғысынан ойлана білу қабілетімен және «Сын тұрғысынан ойлауға үйрету» модулімен тығыз байланысты [6].

Қазіргі таңда осы 7 модульдік бағдарламаларының ішінде оқыту критерийлерді (оқу үшін бағалау және оқуды бағалау) аса қажетті модуль болғандықтан осыған тоқталып өтемін.



Педагогтың кәсіби стандарты және «Атамекен» ҚР Ұлттық кәсіпкерлер палатасының ЖОО-ның білім беру бағдарламаларына қойылған талабы бойынша жаңартылған білім беру бағдарламасындағы 7 модуль идеяларын оқу үдерісіне (оқу (модульдік) жұмыс бағдарламасы (Syllabus)) енгізілуі қажет, бұл қазіргі уақыт талабы.

Қорытындылай келе, бұл оқытушымен білім алушылардың арасындағы жаңартуды жүзеге асыруға қажетті икемділік пен дағдыларды игеру нәтижесінде үлкен жетістіктерге апаратынына сөзсіз [11]. Алдағы уақытта осы меңгерген білімді практика жүзінде қолданумен, тәжірибеде одан әрі жетілдірумен шыңдалады.

Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.